

Анықтама

2024-2025 оку жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмысы бойынша

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Жастар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы»

Мақсаты:

Объектісі: жоспарланған

Субъектісі: анықтама

Жауаптылар: класс жетекшілер

Орындау мерзімі:

Негіздемесі: 2024-2025 оку жылы бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы бойынша жылдық жоспары негізінде шаралар өткізілді. 2024 жылы 9 желтоқсан **күні** мектептің «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жылдық жоспарына сәйкес «Жастар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыбында пікірталас өткізілді. Шараның негізгі мақсаты — жасөспірімдер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, заңға құрметпен карауға тәрбиелеу және әділдік пен адалдық қағидаттарын насхаттау.

Пікірталасқа мектептің **8–10-сынып** оқушылары, мұғалімдер қатысты. Іс-шара дебат форматында ұйымдастырылып, қатысушылар екі топқа бөлінді: «**Сыйбайлас жемқорлық – қоғам дерті**» және «**Жастардың сыйбайлас жемқорлықпен күрестегі ролі**» тақырыптары бойынша пікір алмасты.

Пікірталас барысында оқушылар сыйбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін зардалтарын талқылады, оны болдырмау жолдары мен алдын алу шаралары туралы ұсыныстарын ортаға салды. Шара интерактивті форматта өтіп, қатысушылар өз көзқарастарын еркін білдіруге мүмкіндік алды. Сонымен катар, нақты өмірлік жағдайлар мысалға алынып, заң талаптары түсіндірілді.

Шара қорытындысы бойынша:

Оқушылар сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің маңызын түсініп, өз пікірлерін нақты дәлелдермен корғауға машиқтанды.

Әділдік, адалдық және жауапкершілік қағидаттарының қоғамдағы орны мен рөлі талқыланды.

Пікірталас сонында белсенділік таныткан оқушыларға алғыс хаттар тапсырылды.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: **Байдюсенова Г. К.**